

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## 2-кітап

Бастауыш білім беру деңгейінің  
3-сыныбына арналған оқулық

(оқыту қазақ тілінде емес)

(МАКЕТ)

# 3

**Қазақ тілі:** бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған оқулық. 2026. – 144 бет.

# Шартты белгілер

Бүгін үйренетініміз

Жаңа сөздер:



– тыңдалым



– айтылым



– оқылым



– жазылым



– кел, жаттығайық!

Сөз тіркестері



– есте сақта!



– топтық жұмыс



– жұптық жұмыс



– ойлан!



– қызықты мәлімет



SMART-оқулық дегеніміз:

- баспа және электрондық оқулықтардың Mensarapshy.kz платформасындағы интеграциясы;
- жасанды интеллекті пайдаланатын интерактивті оқыту технологиясы;
- оқушы материалды меңгеріп, тапсырмаларды орындап және кері байланыс алатын бірыңғай цифрлық ортадағы заманауи формат.

QR-код арқылы оқулықтың электрондық нұсқасына өтіңіз.

## Кіріспе

Қымбатты оқушы, міне, екі тоқсанды да ойдағыдай аяқтадың. Білім көкжиегіңді кеңейіп, қазақ тілін тереңірек меңгеруге үлкен қадам жасадың.

Бұл оқулық саған біліміңді одан әрі жетілдіруге, өз ойыңды анық әрі еркін жеткізуге, сауатты жазып, тыңдағаныңды түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, өнердің түрлі салаларымен, мәдениет пен ғылымға үлес қосқан атақты тұлғалармен таныстырып, сөз өнерінің құдыретін ұғынуға баулиды. Еліміздің тарихи, рухани және мәдени мұралары мен ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелейді. Сен түрлі жанрдағы мәтіндерден негізгі ойды анықтап, сұрақтар құрастыруды және оған жауап беруді, сөздердің мағынасын ажыратып, оларды жазбаша және ауызекі тілде дұрыс қолдануды үйренесің.

Бұл оқулық – сенің тіл үйренудегі сенімді серігің. Өр бөлім – жаңа білім мен қызықты тақырыптарға толы танымдық сапар.

Ізденуден жалықпа, тілді сүй, өз ойыңды анық жеткізіп үйрен!

# ӨНЕР

### Бұл бөлімде:

- *кіммен? немен? қайда? кімге?* сұрақтарына жауап беруді;
- оқыған/ тыңдаған мәтін бойынша пікір білдіруді;
- мәтіннің жанрын анықтауды;
- сөйлем құрастырып, оларды түрлендіруді;
- сөйлеп тұрған сәтте болып жатқан іс-әрекетті білдіретін сөздерді қолдануды үйренеміз.

## 49. Өнерлі отбасы – мерейлі отбасы

### Бүгін үйренетініміз

- өнер түрлерін ажырата білеміз;
- *кіммен? немен?* сұрақтарына жауап береміз.


### Жаңа сөздер:

өнер, зергер, бұйым,  
қолөнер

### Сөз тіркестері

атаммен сөйлесемін  
домбырамен күй тартасың  
ағасымен жарысады

### Есте сақта



### 1. Мәтінді мұқият тыңда.

Біздің мектепте «Мерейлі отбасы» сайысы өтті. Менің отбасым сайысқа қатысты. Отбасым өнерлі. Атам – зергер. Ол күмістен



әдемі бұйымдар жасайды. Әкем – театр әртісі, анам – әнші. Қарындасым Ханшайым билейді. Ол би үйірмесіне қатысады. Ағам Мирас музыка мектебінде оқиды, ол домбырамен күй тартады. Мен қолөнер үйірмесіне қатысамын, атам сияқты зергер болғым келеді.



2. Мәтін бойынша суреттер мен сөздерді сәйкестендіріп, әңгімеле.



қолөнер үйірмесіне  
қатысамын



театр әртісі



би үйірмесіне  
қатысады



музыка мектебінде  
оқиды



әнші



зергер



3. Берілген сұрақтарды пайдаланып, сұраулы сөйлем құрастыр.

қайда?

қандай?

немен?

кім?

нелер?



4. Дұрысын таңдап, дәптеріңе жаз.

-мен

-бен

-пен

кіммен? немен?

Мирас..., зергер..., күміс..., қағаз..., бұйым..., әр-тіс..., қолөнер..., қарындасы... .




5. Өнер түрлеріне кластер жасаңдар. Өздеріңе ұнайтын өнер түрі туралы әңгімелесіңдер.

Маған ... ұнайды, себебі ... .



6. «Қолөнер» сөзіндегі әріптерден сөздер құра.



7. Кел, мақал жаттайық!

Өнерлі жігіт өрге озар,  
Өнерсіз жігіт жер соғар.



## 50. Би сайысы

### Бүгін үйренетініміз

- би өнері туралы білеміз;
- оқыған, тыңдаған мәтін бойынша өз пікірімізді айтамыз.

### Жаңа сөздер:

би, қимыл, сахна,  
белгілі, ырғақ,  
жеңімпаз, насихат,  
мың бұралу,  
тебірену, сілкіну

### Сөз тіркестері

маған ұнайды  
саған ұнайды  
сізге ұнайды  
оған ұнайды  
мың бұралып билеу



1. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап беріп, мәтін бойынша пікіріңді айт.

Менің атым – Карима. Мен үшінші сыныпта оқимын.

Маған би билеу ұнайды. Бос уақытымда би үйірмесіне барамын. Жансая екеуміз «Алтынай» би тобында билейміз.


Бүгін біздің мектепте «Биле-биле» сайысы өтті. Үлкен сахнада «Қаражорға» биін билеп, жеңімпаз атағына ие болдық. Мен өскенде белгілі биші болуды армандаймын.

- Кімге билеу ұнайды?
- Мектепте қандай сайыс өтті?
- Карима неліктен жеңімпаз атағына ие болды?
- Бидің пайдасы бар ма? Неге?



### Қызықты мәлімет

Шара Жиенқұлова – қазақ би өнерінің алғашқы қарлығашы. 1912 жылы 18 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. Алғаш сахнаға 13 жасында шыққан. Келіншек деген қазақтың ұлттық биін тұңғыш рет сахнаға алып шықты. Биді ойлап тапқан да, орындаған да Ш.Жиенқұлованың өзі, бұл қазақ хореографиясының бастамасы болды.



2. Тыңдаған мәтін бойынша сөйлемдерді толықтыр.

Қазақ халқының билері: ... .

Би – ... .

Айзере ертең ... .

Айбек концертке ... .



3. Суреттер мен сөздерді сәйкестендір. «Мен ... биін үйренгім келеді, себебі...» сөйлемін қолданып, әңгімеле.

«Қаражорға»



«Қамажай»





4. Мәтін бойынша кестені толтыр.

| Кімдер? | Қандай? | Қашан? | Не істейді? |
|---------|---------|--------|-------------|
|         |         |        |             |



5. Сөйлемдерді толықтырып, өзіңнің ермегің туралы айт.

1. Мен бос уақытымда ... .
2. Маған ... ұнайды.
3. Кейде ... барамын.
4. Мен ... айналысамын.
5. Мен ... жақсы көремін.



6. Сызба бойынша әңгімелеңдер.



7. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Өнердің түр-түрі бар бұл ғаламда,  
 Ән салады әншілер қыр-далада.  
 Бишілер мың бұралып билегенде,  
 Тебіренер, сілкініп Жер-Ана да.

*bilimdiler.kz*

# 51. Музыкалық аспаптар әлемі

## Бүгін үйренетініміз

- музыкалық аспаптар туралы әңгімелесеміз;
- *немен?* сұрағына жауап береміз.

### Жаңа сөздер:

күй, қобыз, созылған  
үн, аспап, жетіген,  
асатаяқ, сыбызғы

### Сөз тіркестері

домбыраны/ қобызды тарту  
жетігенде ойнау  
асатаяқты ұру  
сыбызғыны үрлеу



1. Суреттер мен сөздерді сәйкестендір. Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?



жетіген

асатаяқ

сыбызғы

домбыра

қобыз



2. Мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Бекжан сабақтан кейін қайда барады?
- Ол қандай музыкалық аспаппен күй тартады?
- Бекжан қандай күй үйреніп жүр?





3. Тыңдаған диалогтен суреттерге сай сөйлемдерді айт.



4. Үлгі бойынша сөйлем құрастырып, дәптеріңе жаз.

немен?

- мен

-бен

-пен

Домбыра. Жетіген. Пианино. Асатаяқ. Қобыз. Сыбызғы.

**Үлгі:** Айбек домбырамен күйді жақсы тартады.



**5.** Мәтінді мұқият оқы.



Бүгін музыка сабағы болды.

Алихан домбыра туралы айтты: «Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы. Қазақ халқы қуанышты, бақытты домбыра үнімен жеткізген».

Айзере қобыз туралы айтты: «Қобыз – халқымыздың ең көне аспабы. Ол – екі ішекті музыкалық аспап. Қобыз – үнге бай, киелі, қасиетті аспап».

Айбек жетіген туралы айтты: «Жетіген – ең көне ішекті аспап. Ішектерінің саны – жеті».

Мұғалім балаларға риза болды.



**6.** Сәйкестендіріп, балалардың сөзін жалғастыр.

| Айзере                   | Алихан                 | Айбек                    |
|--------------------------|------------------------|--------------------------|
| Жетіген<br>(қандай?) ... | Қобыз<br>(қандай?) ... | Домбыра<br>(қандай?) ... |



**7.** Жұмбақты шеш, жауабын таңдап айт!

Созылған үні,  
Сүйкімді тілі.  
Үрлесен ойнайтын –  
Аспаптың бірі.

## 52. Театрға саяхат

### Бүгін үйренетініміз

- театр туралы әңгімелесеміз;
- *қайда? кімге?* сұрақтарына жауап береміз.

### Жаңа сөздер:

қойылым, қуыршақ,  
нағыз, ұжымдық,  
көлеңке

### Сөз тіркестері

мен театрға барамын  
сен театрға барасың  
сіз театрға барасыз  
ол театрға барады



1. Суреттер мен сөздерді сәйкестендір. Сөйлемдерді толықтыр.

Театрдың ... түрі бар. Олар: ..., ..., ..., ...


Маған ... .. ұнайды.



Көлеңке театры



Опера және балет театры



Драма театры



Қуыршақ театры





2. Мәтінді мұқият тыңда. Қысқаша мазмұнда.



3. Мәтін бойынша дұрыс/ бұрысын анықта.



|                                                | дұрыс | бұрыс |
|------------------------------------------------|-------|-------|
| «Театр» – көне араб сөзі.                      |       |       |
| Театрда әртүрлі қойылымдар қойылады.           |       |       |
| Театр – жеке өнер.                             |       |       |
| Театрда ойнайтын адамдарды «актер» деп атайды. |       |       |



### Қызықты мәлімет

Қазақтың тұңғыш кәсіби театры М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының шымылдығы 1926 жылы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында ашылды. Алғашқы қойылымы М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы болды.



4. Театр ережелерімен танысыңдар. Топта талқылаңдар. Есте сақтаңдар!

1. Театрға әдемі киініп келу керек. Бұл да бір мереке.
2. Театрға кешігіп келуге болмайды.
3. Қойылым болып жатқанда, тыныштық сақтау керек.
4. Қойылым болып жатқанда, орныңнан тұрып кетуге болмайды.
5. Қойылым ұнаса, шапалақ ұр, ұнамаса, шулама.



5. Қажетті сөздерді пайдаланып, «Менің сүйікті қойылымым» тақырыбына әңгіме құрастыр.

**Қажетті сөздер:** театр, билет алды, қойылымды тамашалады, әдемі киініп келді, қойылым ұнады, шапалақ ұрды.





6. Сөйлемдерді толықтырып, дәптеріңе жаз. Сұрағын анықта.

қайда?

кімге?

-ға

-ге

-қа

-ке

Мен театр... бардым.

Сен мектеп... бардың.

Сіз әртіс... гүл сыйладыңыз .

Ол актерлер... қарады.



7. Сурет бойынша «Театр кассасы» тақырыбында диалогті жалғастырыңдар.

– Сәлеметсіз бе, апай!

– Сәлеметсіңдер ме,  
балалар!

– ...

– ...



## 53. Шешендік өнер

### Бүгін үйренетініміз

- шешендік өнер туралы білеміз.

### Жаңа сөздер:

шешен, би, өтініш,  
мерген

### Сөз тіркестері

бидің шешімі  
баланың жауабы  
риза болу  
бата беру



1. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Жириенше шешен бір күні жолда келе жатып алдынан қарсы кездескен бір баладан:

– Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? – деп сұрайды.

Сонда бала:

– Бал тәтті, – деген екен.

– Ал не жұмсақ?

– Мамық жұмсақ.

– Қаттыда не қатты?

– Тас қатты.

Бұл баланың жауабын тыңдап тұрған екінші бала: «Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», – деп өтінеді.

– Алайта ғой, балам, не тәтті? – дейді Жириенше шешен.

– Ананың сүті, – деп жауап беріпті бала.

– Не жұмсақ?

– Ананың қолы.

– Ал енді не қатты? – деп сұрағанда:

– Атаның жүрегі, – деген екен.

Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

- Жириенше шешен балаларға қандай сұрақтар қойды?

- Екінші бала бұл сұрақтарға қалай жауап берді?
- Неліктен Жиренше шешен оның жауабына риза болды?
- Сен қай баланың жауабымен келісесің?



### Есте сақта



Қазақ шешендік өнерінің тарихынан ерекше орын алатын үш би – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би. Олар халық арасындағы дауларды әділ шешіп, елдің бірлігін сақтаған, халықты татулыққа шақырған.



2. Төмендегі сөздерден сөйлем құрастырып, дәптеріңе жаз.

**Тірек сөздер:** сөздер: шешен, сөз, тыңдаушы, ой.



3. Шешеннің қасиеттері қандай болу керек? Дереккөздерін пайдаланып кластер құра.



4. Мақал-мәтел жаттайық!
- Шешеннің сөзі – мерген,  
Шебердің көзі – мерген.

## 54. Мектеп мұражайы

### Бүгін үйренетініміз

- мұражай туралы әңгімелесеміз;
- *қайда?* сұрағына жауап береміз.

### Жаңа сөздер:

көрме, тарихи,  
өлкетану, көне, тәж,  
алтын сауыт

### Сөз тіркестері

мен көремін  
сен көресің  
сіз көресіз  
ол көреді



1. Диалогті мұқият тыңдап, бос орындарды қажетті сөздермен толықтыр.



- Сен қайда барасың?
- Мен өлкетану ... барамын.
- Мұражайда не бар?

– Мұражайда ... құжаттар, өлке табиғатының фото-суреттері және басқа да ... экспонаттар бар.

– ... көрме өте ме?

– Иә, мұражайда көрме өтеді.



2. Сөйлемдерді толықтырып оқы.

құжаттарды

фотосуреттерді

көрме

экспонаттарды

мұражайға

Айбек ... барады.

Мұражайда ... өтеді.

Айбек ... , ..., ... көреді.



### Қызықты мәлімет

18 мамыр – мұражай күні.



3. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

-да

-де

-та

-те

Қазақстан... мұражайлар көп.

Мұражай... экспонаттар бар.

Көрме... көне экспонаттарды көрдік.

Мұражайдың үлкен залын... суреттер ілулі тұр.




4. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Біздің



мұражай бар.



көп экспонат жиналған.



Біз

жиі барамыз.



5. Сұрақтарды дұрыс орналастыр.

1. ... мектебінде мұражай бар?
2. Мұражайда ... бөлме бар?
3. ... көп экспонаттар жиналған?
4. Біз сыныппен мұражайға жиі ... ..?
5. Мұғалім ... деді?

не істейміз?

кімнің?

неше?

қайда?

не?



6. Сызба бойынша өз мектебіндегі (ауылыңдағы, қалаңдағы) мұражайлар туралы айт.

Мұражай қашан ашылды?

Мұражайға кімдер барады?

Мұражайда не бар?

Мұражай



7. Жұмбақты шеш.

Басында тәж, үстінде алтын сауыт,  
Айтшы, балам, кім бұл алып?

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

|  |  |  |  |
|--|--|--|--|
|  |  |  |  |
|--|--|--|--|

## 55. Зергерлік бұйымдар көрмесі

### Бүгін үйренетініміз

- зергерлік бұйымдар туралы әңгімелесеміз;
- бұйымдарды сипаттауды меңгереміз.

### Жаңа сөздер:

алтын, алқа, күміс,  
сәнді, балқыту,  
сапыру, бойтұмар

### Сөз тіркестері

менің жүзігім  
сенің жүзігің  
сіздің жүзігіңіз  
оның жүзігі



### 1. Өлеңді мұқият тыңда. Ілесіп оқы.

Білесің бе бұл істі,  
Зергерлікке кім дайын?  
Балқытып ап күмісті,  
Сапырады судайын.

Білезік пен алқаны,  
Сақинаны, сырғаны  
Күміс сымнан тартады.

*Фариза Оңғарсынова*



- Өлеңде қай мамандық туралы айтылған?
- Сақинаны, сырғаны кім жасайды?
- Сақина мен сырғаны неден жасалады?
- Зергер не істейді?



### Есте сақта



## 2. Сөйлемдерді толықтырып жаз.

-нан

-нен

-дан

-ден

-тан

-тен



алтын... жасайды.



күміс... жасайды.



мыс... жасайды.



қола... жасайды.



тас... жасайды.





### 3. Мәтінді мұқият оқы.

Жексенбі күні біз сыныппен мұражайға бардық. Мұражайда зергерлік бұйымдар көрмесі өтті. Көрмеде қазақ халқының зергерлік бұйымдарын көрдік. Алқа, бойтұмар, сырға, білезік, жүзік, сақина бұйымдары өте әдемі. Олар алтыннан, күмістен, тастан жасалған. «Күміс – зергерлердің сүйікті материалы. Ол кір жинамайды. Денсаулыққа пайдалы», – деді бізге зергер.

Маған көрме өте ұнады.



### 4. Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдерді ретімен оқы.

| Сөйлем                                                                                                | Реті |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| Мұражайда зергерлік бұйымдар көрмесі өтті.                                                            |      |
| «Күміс – зергерлердің сүйікті материалы. Ол кір жинамайды. Денсаулыққа пайдалы», – деді бізге зергер. |      |
| Жексенбі күні біз сыныппен мұражайға бардық.                                                          |      |
| Алқа, бойтұмар, сырға, білезік, жүзік, сақина бұйымдары өте әдемі.                                    |      |



### 5. Сызба бойынша сұраулы сөйлем құрастыр.

Бұл



ма? ме?



ба? бе?



па? пе?



## 56. Бейнелеу өнері

### Бүгін үйренетініміз

- сурет өнері туралы әңгімелесеміз;
- мәтіннің жанрын анықтаймыз.

### Жаңа сөздер:

қылқалам, бояу,  
қисық, қарағайлар,  
ақсақ, мүсін,  
графика, көкірегінде  
көзі бар, қиял

### Сөз тіркестері

мен сурет саламын  
сен сурет саласың  
сіз сурет саласыз  
ол сурет салады



### Есте сақта




сәулет




сурет



мүсін



Бейнелеу өнері



графика





## 1. Тыңда, қайтала.



– Мен қылқаламмен, түсті бояулармен сурет саламын.



– Мен ермексаздан мысықтың мүсінін жасаймын.



– Мен қағазға қарындашпен иттің суретін саламын.



## 2. Сөздерді сөйкестендіріп, үлгі бойынша сөйле.

|        |                          |                 |             |
|--------|--------------------------|-----------------|-------------|
| Саша   | қылқалам және түсті бояу | иттің суреті    | сурет өнері |
| Айзере | ермексаз                 | мысықтың мүсіні | графика     |
| Айбек  | қарындаш                 | пейзаж суреті   | мүсін       |

**Үлгі:** Саша қарындашпен иттің суретін салады. Бұл – графика өнері.



## 3. Мәтінді мұқият оқы. Сұраққа жауап бер.

Мен 2–3-сыныптан бастап сурет сала бастадым. Қисық қарағайлар, ақсақ аюлар деген секілді.

Мұғаліміміз Кәрім Ақтаев мені мақтап қояды:

– Бұл баланың көкірегінде көзі бар, – деп.

Енді сыныптағы қыздардың суретін сала бастадым. Осылай сыныптың, тіпті мектептің суретшісі болып алдым.

– Өскенде, кім боласың? – дегендерге бірден жауап беремін:

– Суретші боламын. Әбілхан Қастеев сияқты.

– Бәрекелді! – дейді олар.

*Марат Қабанбай*

- Сен сурет салуды ұнатасың ба?



4. Мәтіннің жанрын анықтап, сөйлемді толықтыр. Дәлелде.

мақал-мәтел

бата

әңгіме

жұмбақ

Бұл мәтіннің жанры – ... .



5. Мәтін бойынша сұрақтарды дұрыс орналастырып, жұбыңмен әңгімелес.

1. ... сыныптан бастап сурет сала бастады?

Қандай?

2. ... қарағайлардың, ... аюлардың суретін салды?

Кім?

3. ... оны мақтап қояды?

Нешінші?



6. Жұмбақты шеш.

Қылқаламды қолға алып,

Қиялында ой салып.

Түс береді әлемге,

Сурет салып әдемі.

|  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|--|

## 57. Сәулет өнері

### Бүгін үйренетініміз

- сәулет өнері туралы әңгімелесеміз;
- қандай? сұрағына жауап береміз.

### Жаңа сөздер:

жоба, ғимарат,  
шатыр, шебер, түрлі,  
таңғалдыру, жүректің  
қалауы

### Сөз тіркестері

мен жасадым  
сен жасадың  
сіз жасадыңыз  
ол жасады



### 1. Өлеңді мұқият тыңда, ілесіп оқы.

Мен сәулетші боламын,  
Жүйрік менің қаламым.  
Жоба жасап сан түрлі,  
Ғимараттар саламын.

Сәулетші болған ұнайды,  
Таңғалдырсам талайды.  
Сәулетшілік өнерді  
Жүрегім менің қалайды.





2. Тыңдаған өлең бойынша сөйлемдерді толықтырып, айт.

Сәулетші ... жасайды. Сәулетші сан түрлі ... салар-ды. Маған сәулетші болған ... . Мен ... таңғалдырамын.



3. Мәтінді мұқият оқы.

Мен әкеммен Астана қаласына бардым. Біз «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығына бардық.

- «Хан Шатыр» – әлемдегі ең биік шатырлы ғимарат. Ол Гиннесс рекордтар кітабына кірген, – деді әкем.
- Әке, ғимараттың сәулетшісі кім?
- Әйгілі британдық сәулетші – Норман Фостер.
- Бұл ғимарат киіз үйге ұқсайды!
- Иә, бұл – еліміздің бас шатыры.



4. Сөйлемдерді толықтыр.

1. Мен әкеммен ... бардым.
2. Біз «...» сауда және ойын-сауық орталығына бардық. Оның сәулетшісі – ....
3. Бұл ғимарат ... ұқсайды.




5. Ғаламтордан сұрақтарға жауап беретін ақпараттар іздеңдер. Постер жасап, сынып алдында қорғаңдар.

Бұл не?

Сәулетшісі кім?

Қандай?



## 58. Әжемнің кілемі әдемі

### Бүгін үйренетініміз

- кілем тоқу туралы әңгімелесеміз;
- жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырамыз.

### Жаңа сөздер:

ілу, кілем, өрнек, ою, тоқу

### Сөз тіркестері

жіп сатып алу  
кесте тігу



1. Өлеңді тыңда. Мәнерлеп оқы.

Шебер қолдар ұстай алар  
Көктен түскен күннің нұрын,  
Күн нұрынан ою салар  
Құлпыртатын кілем түрін.  
Шебер қолдар ептілікпен  
Тоқи білсе, жетсе жігер,  
Қылдан нәзік алтын жіптен  
Жер бетіне кесте тігер.



*Әбділда Тәжібаев*



2. Сөздерді суреттерімен сәйкестендіріп, әңгімеле.



тоқи білу



кесте тігу



ою салу





3. Сөздер тізбегі арқылы сөйлем құрастыр.

**Үлгі:** Айша тоқиды. Айша қолғап тоқиды.

... ТОҚИДЫ.

... .. ТОҚИДЫ.

... .. ТОҚИДЫ.

... .. ТОҚИДЫ.



4. Мәтінді мұқият оқы.

Менің атам мен әжем ауылда тұрады. Олардың үйінде төр бөлменің қабырғасында әдемі кілем ілулі тұр. Бұл кілемді әжем тоқыды. Кілем бетіне ою салу үшін, оны ақ қағазға түсірді. Содан соң қанша жіп кететінін есептеді. Әжем қыс бойы жіп дайындады. Жазғы демалыста біз әжеме кілем тоқуға көмектестік. Кілем әдемі, өйткені оны әжем тоқыды. Кілем тоқу – үлкен өнер.



5. Мәтін бойынша сөйлемдерді ретімен қойып, оқы.

| Сөйлемдер                                             | Реті |
|-------------------------------------------------------|------|
| Әжем қыс бойы жіп дайындады.                          |      |
| Кілем бетіне ою салу үшін, оны ақ қағазға түсірді.    |      |
| Жазғы демалыста біз әжеме көмектестік, кілем тоқыдық. |      |
| Төр бөлменің қабырғасында әдемі кілем ілулі тұр.      |      |



6. Үлгіге қарап, сөйлемдерді өзгертіп, дәптеріңе жаз.

**Үлгі:** Әжем жіп дайындады. Кілем тоқыды. Әжем жіп дайындап, кілем тоқыды.

Жазғы демалыста мен ауылға бардым. Әжеме кілем тоқуға көмектестім. Қағаз бетіне оюдың суретін салды. Оны кілемге түсірді.



7. Артығын тап.

1) кілем, алаша, кітап. 2) тоқу, тігу, ілу. 3) ою, сырға, өрнек. 4) ине, қалам, жіп, мата.



## 59. Ою-өрнек құрастырамыз

### Бүгін үйренетініміз

- ою-өрнектер туралы әңгімелесеміз;
- сөйлеп тұрған сәтте болып жатқан іс-әрекетті білдіретін сөздерді меңгереміз.

### Жаңа сөздер:

өсімдік, мүйіз,  
молшылық, ирек,  
шеңбер

### Сөз тіркестері

мен құрастырып жатырмын  
сен құрастырып жатырсың  
сіз құрастырып жатырсыз  
ол құрастырып жатыр



### 1. Мәтінді мұқият оқы.

Бүгін көркем еңбек сабағы болды. Әсем Сапарқызы ою-өрнек туралы айтты.

– Әр ою-өрнектің мағынасы болады. Мысалы: «қошқар мүйіз» оюы молшылықты білдіреді. «Ағаш» оюы бірлікті білдіреді. «Ирек» оюы – адамның өмір жолы немесе судың белгісі. «Шеңбер» оюы жарық өмірді білдіреді, – деді мұғалім.

Біз түрлі ою-өрнектер құрастырдық.  
Маған сабақ өте ұнады.



### Есте сақта

Ою-өрнек төрт топқа бөлінеді:

1) өсімдік типтес

2) зооморфтық

3) космологиялық

4) геометриялық



## 2. Сөйлемдерді толықтыр.

1. Сабақта мен ....
2. Мұғалім ... туралы айтты.
3. «Қошқар мүйіз» оюы ... білдіреді.
4. «Ағаш» оюы ... .
5. Маған сабақ ... .



## 3. Тыңда, қайтала. *Неден?* сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

### Ою-өрнек

Өнерді таудың бұлағынан,  
Қойдың құлағынан,  
Апамның киізінен,  
Қошқардың мүйізінен үйрендім.



*Әбілхан Қастеев*



## 4. Сөздерді суреттерімен сәйкестендір.

таудың  
бұлағынан

қойдың  
құлағынан

апамның  
киізінен

қошқардың  
мүйізінен





5. Семантикалық кестені толтыр.

| ою түрлері         | бірлік | жарық өмір | адамның өмір жолы | молшылық |
|--------------------|--------|------------|-------------------|----------|
| «Қошқар мүйіз» оюы |        |            |                   |          |
| «Ағаш» оюы         |        |            |                   |          |
| «Ирек» оюы         |        |            |                   |          |
| «Шеңбер» оюы       |        |            |                   |          |



6. Сызба бойынша сынып алдында сөйле.



7. «Үйренемін» сөзін пайдаланып, сөйлем құра.

**Үлгі:** Мен өнерді табиғаттан үйрендім.

Мен ...

Сен ...

Сіз ...

Ол ...

## 60. Қолданбалы өнер

### Бүгін үйренетініміз

- қолданбалы өнер туралы әңгімелесеміз;
- сөйлем құрастыруды меңгереміз.

### Жаңа сөздер:

сандық, тері, құрақ,  
көрпе

### Сөз тіркестері

кілем тоқиды  
сандық жасайды  
көрпе тігеді



1. Мәтінді мұқият тыңдап, сөйлемдердегі бос орындарды қажетті сөздермен толтыр.

Біз кілемді ою-өрнекпен .... Біздің тобымыз сандық  
... . Біз ... .. жасаймыз. ... .. әдемі болады екен.





2. Кестені толтыр. Сөйлем құрастырып, дәптеріңе жаз.

**Үлгі:** Айзеренің тобы кілемді ою-өрнекпен безендіреді.

| Кімдер?        | Не? | Не істейді? |
|----------------|-----|-------------|
| Айзеренің тобы |     |             |
| Динараның тобы |     |             |
| Айбектің тобы  |     |             |



### Есте сақта



3. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен көркем еңбек сабағында ою-өрнек құрастырдың ба?
2. Еңбек сабағында не жасайсың? «Өйткені», «себебі» сөздерін қолдан.



4. Сөйлемдерді толықтырып, оқы.

Ұста – темірден



жасайтын адам.

Зергер –



жасайтын адам.

Шебер – ағаштан



жасайтын адам.

Ісмер –



тігетін адам.



5. Сөзжұмбақты шеш.

1. Қолға тағатын әшекей.
2. Суретшінің құралы.
3. Қабырғаға іледі, еденге төсейді.
4. Ою-...
5. Ішіне зат салады.
6. Ағаштан әртүрлі зат жасайтын адам.
7. Сырға, сақина, білезік жасайтын адам.

|    |  |  |   |  |  |  |
|----|--|--|---|--|--|--|
| 1. |  |  | қ |  |  |  |
| 2. |  |  | о |  |  |  |
| 3. |  |  | л |  |  |  |
| 4. |  |  | ө |  |  |  |
| 5. |  |  | н |  |  |  |
| 6. |  |  | е |  |  |  |
| 7. |  |  | р |  |  |  |

## 61–62. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



1. Мәтінді түсініп оқы.

Қазақ қолөнерінің көне түрі – ою-өрнек өнері. Сандық, алаша, киіз, құрақ көрпе, зергерлік бұйымдарға ою-өрнек салынады.

Ою-өрнек түстерінің белгілі бір мағынасы бар. Көк түс – аспанның белгісі. Қызыл түс – отты, Күнді білдірсе, қоңыр түс – Жердің белгісі. Сары түс – ақылдың, жасыл түс – жастықтың белгісі.



2. Дұрыс жауабын тап.

- Мәтін не туралы?
  - төрт түлік мал
  - ою-өрнек
  - сахна өнері
- Қазақ қолөнерінің көне түрі – ... өнері.
  - театр
  - сәулет
  - ою-өрнек
- Қызыл түсті ою-өрнектің нені білдіреді?
  - отты, Күнді
  - ақылды
  - жастықты



3. Сұрақтарға жауап беріп, сәйкес суретті көрсет.

Ісмер деген кім?

Ұста деген кім?

Зергер деген кім?

Шебер деген кім?





4. Суреттердің бірін таңдап, әңгіме құрастырыңдар.



5. Қажетті әріпті тауып, сөздерді толықтыр.

|   |           |             |             |               |
|---|-----------|-------------|-------------|---------------|
| Ә | санды...  | ...ойылым   | ...лкетану  | ыр...а...     |
| Ө | ...нер    | же...імпаз  | ...имыл     | к...рме       |
| І | с...нд... | ...ылқалам  | ...рнек     | ...имарат     |
| Ү | к...лем   | к...й       | ...жымды... | ...н          |
| Ұ | б...йым   | кей...пкер  | ше...бер    | м...й...з     |
| Ғ | тер...    | ал...а      | белг...л... | ...с...мд...к |
| Қ | ...обыз   | ...ол...нер | к...м...с   | к...рермен    |

6. Жасанды интеллект көмегімен ерекше ою-өрнек құрастыр.



## Мазмұны

|                                                |           |
|------------------------------------------------|-----------|
| Кіріспе .....                                  | 4         |
| <b>5-бөлім. Өнер.....</b>                      | <b>5</b>  |
| 49. Өнерлі отбасы – мерейлі отбасы .....       | 6         |
| 50. Би сайысы .....                            | 9         |
| 51. Музыкалық аспаптар әлемі.....              | 12        |
| 52. Театрға саяхат.....                        | 15        |
| 53. Шешендік өнер.....                         | 18        |
| 54. Мектеп мұражайы.....                       | 20        |
| 55. Зергерлік бұйымдар көрмесі.....            | 23        |
| 56. Бейнелеу өнері .....                       | 26        |
| 57. Сәулет өнері.....                          | 29        |
| 58. Әжемнің кілемі әдемі.....                  | 31        |
| 59. Ою-өрнек құрастырамыз.....                 | 33        |
| 60. Қолданбалы өнер .....                      | 36        |
| 61–62. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....    | 39        |
| <b>6-бөлім. Атақты тұлғалар .....</b>          | <b>41</b> |
| 63. Ыбырай Алтынсарин – алғашқы ұстаз .....    | 42        |
| 64. «Бақша ағаштары» .....                     | 45        |
| 65. Абай – дара, Абай – дана.....              | 47        |
| 66. Абай – аудармашы .....                     | 49        |
| 67. Мұхтар Әуезов «Бала Абай» .....            | 52        |
| 68. Дара тұлға – Әбу Насыр әл-Фараби.....      | 55        |
| 69. Шоқан мен өнерлі бала Мысық.....           | 57        |
| 70. Ахмет Байтұрсынұлы .....                   | 60        |
| 71. Қазақтың Қанышы.....                       | 62        |
| 72. Құрманғазы – күй атасы.....                | 64        |
| 73. Домбырашы қыз Дина.....                    | 66        |
| 74. Қазақтың бұлбұлы – Бибігүл Төлегенова..... | 68        |
| 75. Қажымұқан.....                             | 70        |
| 76. Әлем таныған балуан.....                   | 73        |
| 77-78. Қайталау. Нәтиже сабақ.....             | 75        |

|                                                    |            |
|----------------------------------------------------|------------|
| <b>7-бөлім. Су – тіршілік көзі.....</b>            | <b>77</b>  |
| 79. Жаңбырдың пайдасы .....                        | 78         |
| 80. Көл.....                                       | 81         |
| 81. Алакөл – табиғаттың құпиясы.....               | 83         |
| 82. Өзен.....                                      | 85         |
| 83. Бұлақ.....                                     | 87         |
| 84. Ауылда .....                                   | 89         |
| 85. Өзенге қоқыс тастауға болмайды! .....          | 91         |
| 86. Гүлге су құяйық!.....                          | 94         |
| 87. Суды үнемдеу .....                             | 96         |
| 88. Табиғаттағы су айналымы.....                   | 98         |
| 89–90. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....         | 101        |
| <b>8-бөлім. Демалыс мәдениеті. Мерекелер .....</b> | <b>103</b> |
| 91. Демалыс мәдениеті .....                        | 104        |
| 92. Демал да еңбектен!.....                        | 106        |
| 93. Біз саяжайда демаламыз .....                   | 108        |
| 94. Көктем мерекелері.....                         | 111        |
| 95. Ең әдемі мереке.....                           | 114        |
| 96. Бір шаңырақ астында .....                      | 117        |
| 97. Отан қорғаушылар күні.....                     | 120        |
| 98. 9 мамыр – Жеңіс күні.....                      | 123        |
| 99. Жазғы демалыс .....                            | 126        |
| 100. Қызықты жаз .....                             | 129        |
| 101–102. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....       | 132        |
| Сөздік – словарь.....                              | 134        |
| Грамматикалық қосымшалар.....                      | 140        |
| Пайдаланылған әдебиеттер.....                      | 152        |